

Ішкі шаруашылық жерге орналастыру



Ішкі шаруашылық жерге орналастыру (ІШЖО)



Жерге орналастырудың негізгі түрлерінің бірі. Жерге орналастырудың бұл түрінің жобалау объектісі ретінде ауыл шаруашылық кәсіпорындарына, шаруа (фермерлік) қожалықтарға, серіктестіктерге, кооперативтерге және басқа шаруашылықтық құрылымдарға тұрақты (мерзімсіз) пайдалануға немесе жалға алу шартымен белгілі бір мерзімге бекітілген жерлерде ауыл шаруашылық өндірісін территориялық ұйымдастыру болып табылады.

Ауыл шаруашылық кәсіпорыны

- меншігінде немесе шаруашылықтың қарамағында жер, сондай-ақ, басқа да мүлік бар және өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы өнімін өндіруші, ауыл шаруашылығы өндірісіне қызмет көрсетуші заңды тұлға. Ауыл шаруашылығында шаруашылықты жүргізу нысандары – акционерлік қоғамдар, түрлі тұрпаттағы серіктестіктер, кооперативтері, ұжымдық шаруашылықтар, кеңшарлар, өнеркәсіптің, көлік, басқа да кәсіпорындар мен ұйымдардың шаруашылықаралық, қосалқы шаруашылықтары, ғылыми-зерттеу мекемелері мен ұйымдары, т.б.

Шаруа Қожалығы



- заңды тұлға құқығына ие дербес шаруашылық жүргізуші субъект түріндегі ерікті кәсіпкерлік нысаны. Мұндай шаруашылықты жеке азамат, оның отбасы немесе ауылшаруашылық өнімін өндіретін, ұқсататын, сататын адамдар тобы құрады.
- Өз иелігінде (соның ішінде, жалға алған) бар меншік немесе жер учаскесін өмір бойы мұраға алған мүлікті пайдалану негізінде ауылшаруашылық өнімдерін өндіру, өңдеу және сатуды жүзеге асыратын жеке азамат, отбасы немесе адамдар тобы түрінде ұсынылған дербес шаруашылық субъектісі.

Кооператив



- Кооператив (лат. cooperatio – ынтымақтастық) – кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін адамдардың үлеспұлдық негізде ерікті бірігуі жолымен құрылған кәсіпорын, ұйым. Кооператив заңи тұлға болып табылады және өзін-өзі қаржыландыру, өзін-өзі басқару негізінде жұмыс істейді. Ұйымдық-құқықтық нысан бойынша өндірістік (коммерциялық) Кооператив және тұтыну (бейкоммерциялық) Кооперативі түрлеріне бөлінеді. Кооператив қаражаты үлеспұлдық және мүшелік жарналардан, шаруашылық қызметтен алынған пайдадан құралады.

Кооператив түрлері

Ауыл шаруашылығы Кооперативі

- Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің материалдық және басқа қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында олардың мүліктік үлеспұлдық жарналарын біріктіру жолымен бірлескен өндірістік немесе өзге шаруашылық қызметті жүзеге асыру үшін ерікті мүшелік негізде құрылады.

Бағбандық Кооператив

- Өсімдік және мал өсірумен айналысатын шаруашылықтың өнімін өндіру, ұқсату және өткізу жөнінде кешенді қызмет көрсету үшін құрылады

Бақша Кооперативі

Өсімдік және мал өсірумен айналысатын шаруашылықтың өнімін өндіру, ұқсату және өткізу жөнінде кешенді қызмет көрсету үшін құрылады.

ІШЖО-дың басты мақсаты



- шаруашылықтық субъектілердің алдына қойған міндеттерін жер бетінде ойдағыдай орындауға мүмкіндік беретіндей реттілікті орнатуға, яғни аз шылын жұмсап, максимальды мөлшерде жоғары сапалы өнім алу, оны сондай тауарлы түрінде тұтынушыларға өз уақытында жеткізу, қазіргі және болашақ ұрпақ үшін топырақтың құнарлығын сақтауды және ұдайы өндіруді ескере отырып, адамдардың өмірін жақсарту жөніндегі маңызды әлеуметтік мәселелерді шешу.

ІШЖО-дың негізгі міндеттері

- ауылшаруашылық айналымындағы әрбір жер учаскесін толық, ұтымды, тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін (өндірісті территориялық ұйымдастыру) территорияны ұйымдастыру формасын құру, оларды табиғаттың қолайсыз құбылыстары мен антропогенді жағдайлардан қорғау, сонымен қатар уақыт пен ресурсты үнемдеу мақсатымен машина-трактор паркін өнімді пайдалану және еңбекті ғылыми ұйымдастыру үшін қолайлы жағдай жасау болып табылады.

Қорытынды



- «Ішкі шаруашылық жерге орналастыру» бұл еңбекті және ауылшаруашылық техникасын ұтымды пайдаланып, топырақ құнарлығы мен жердің басқа да қасиеттерін сақтап көбейтіп ауыл тұрғындарының еңбек етуі мен өмір сүруі үшін қолайлы жағдай жасауды қамтамасыз етіп, мемлекеттік немесе мемлекеттік емес меншік формаларындағы әр түрлі шаруашылық құрылымдардың ауылшаруашылық өндірісін территорияда ұйымдастыру үшін жүргізілетін шаралар жүйесі.